

"Ұлттық инновациялық жүйенің бірыңғай терезесі" ақпараттық жүйесі арқылы "Ғылым саласындағы сыйлықтарды, мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға ұсынылған жұмыстарды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 8 қазандағы № 482 және Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 642/НҚ бірлескен бұйрығы

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 маусымдағы № 242 бұйрығымен бекітілген "Ғылым саласындағы сыйлықтарды, мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға ұсынылған жұмыстарды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында (бұдан әрі - Мемлекеттік қызметін көрсету қағидалар) белгіленген тәртіпке сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20852 болып тіркелген) ғылым саласындағы сыйлықтарды, мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға ұсынылған жұмыстарды қабылдауға арналған өтініштерді қағаз нұсқасына балама ретінде электрондық нысанда беру және қарау мүмкіндігімен "Ұлттық инновациялық жүйенің бірыңғай терезесі" ақпараттық жүйесі арқылы "Ғылым саласындағы сыйлықтарды, мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға ұсынылған жұмыстарды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету жөніндегі пилоттық жоба (бұдан әрі – Пилоттық жоба) 6 ай мерзімге іске қосылсын.

2. Қоса беріліп отырған "Ұлттық инновациялық жүйенің бірыңғай терезесі" ақпараттық жүйесі (astanahub.com) арқылы "Ғылым саласындағы сыйлықтарды, мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға ұсынылған жұмыстарды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету алгоритмі бекітілсін.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін ақпараттық жүйелерді ұсынатын пилоттық жобаға қатысатын ұйымдар ("Astana Hub" халықаралық IT-стартаптар технопаркі" корпоративтік қоры):

1) Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің дербес деректеріне қолжетімділікті бақылау мемлекеттік сервисімен интеграцияны;

2) Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің м.а. 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16777 болып тіркелген) бекітілген "Электрондық

үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің ақпараттық қауіпсіздігі жөніндегі бірлескен жұмыстар шартының болуы;

3) "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 54-бабының 3-2-тармағына сәйкес ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің, Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурстарында орналастыруды;

2) осы бірлескен бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрлеріне жүктелсін.

6. Осы бірлескен бұйрық мемлекеттік органдар басшыларының соңғысы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрі

_____ С. Нұрбек

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

_____ Ж. Мәдиев

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің
2024 жылғы 8 қазандағы
№ 482

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2024 жылғы 9 қазандағы
№ 642/НҚ бірілескен
бұйрығымен
бекітілген

"Ұлттық инновациялық жүйенің бірыңғай терезесі" ақпараттық жүйесі арқылы "Ғылым саласындағы сыйлықтарды, мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға ұсынылған

жұмыстарды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру алгоритмі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Ұлттық инновациялық жүйенің бірыңғай терезесі" ақпараттық жүйесі (astanahub.com) арқылы "Ғылым саласындағы сыйлықтарды, мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға ұсынылған жұмыстарды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету жөніндегі пилоттық жобаны электрондық форматта іске асыру алгоритмі пилоттық жобаны өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Алгоритмде мынадай негізгі ұғымдар мен қысқартулар қолданылады:

1) Ұлттық инновациялық жүйенің "Бірыңғай терезесі" (astanahub.com) (бұдан әрі – ҰИЖБТ) – бірыңғай портал арқылы инновациялық қызмет пен инновацияларды қолдау шараларына қолжетімділікті қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

2) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

3) "Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЖББП) – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қызмет бағыты бойынша ақпаратты жинауды, сақтауды, өңдеуді және ұсынуды қамтамасыз етуге арналған Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ақпараттық жүйесі;

4) "Жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЖТМД) – азаматтық жағдайды сәйкестендіру және айқындау үшін жеткілікті Қазақстан Республикасының жеке тұлғалары туралы ақпаратты тіркеу мен сақтаудың бірыңғай жүйесі;

5) автоматтандырылған жұмыс орны (бұдан әрі – АЖО) – көрсетілетін қызметті берушінің қызметін автоматтандыруға бағытталған жүйе;

6) дербес деректерге қол жеткізуді мемлекеттік бақылау сервисі (бұдан әрі – мемлекеттік сервис) – дербес деректер субъектісінің дербес деректерді жинауға, өңдеуге немесе оларды үшінші тұлғаларға беруге келісімін қоса алғанда, мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттандыру объектілерінде қамтылған дербес деректерге қол жеткізу кезінде меншік иелерінің және (немесе) операторлардың, үшінші тұлғалардың дербес деректер субъектісімен және уәкілетті органмен ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін қызмет.

Осы Алгоритмде қолданылатын барлық басқа терминдер "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының

Зандарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерде қолданылатын мағынада қолданылады.

2-тарау. Жеке тұлғалар үшін мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ҰИЖБТ арқылы осы алгоритмге қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік сервисі арқылы алынған дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісіммен өтініш береді.

ҰИЖБТ-де ғылым саласындағы сыйлықтарды, мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға ұсынылған жұмыстарды қабылдауға өтініштер, жеке тұлғаның дербес деректері ЖТМД-мен интеграциялау арқылы автоматты түрде қалыптастырылады.

4. Тексеру қорытындысы бойынша ҰИЖБТ ЖББП-дан академиялық немесе ғылыми дәрежесі туралы диплом бойынша мәліметтерді сұратады.

5. ЖББП-да мәліметтер болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы деректерді қолмен толтырады, мәліметтерді растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері өтінішке қоса беріледі.

6. Ғылым саласындағы сыйлықты, мемлекеттік ғылыми стипендияны таңдағаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы талап етілетін құжаттарды қоса береді.

7. Ғылым саласындағы сыйлықтар үшін талап етілетін құжаттар:

1) монографиялар, монографиялардағы тараулар, мақалалар, патенттер, авторлық куәліктер түрінде ғылыми жұмыс (бестен аспайтын);

2) мазмұны, зерттеулердің өзектілігі мен жаңалығы, негізгі ғылыми нәтижелері, олардың маңыздылығы мен болашақта пайдалану мүмкіндігі баяндалатын жұмыстың сипаттамасы (баспа парағының жартысынан аспайтын);

3) жұмысты ұсынған ұйымның консультативтік-кеңесші органы отырысының хаттамасынан үзінді;

4) сыйлық алуға үміткердің негізгі қызмет орнынан анықтама;

5) сыйлық алуға үміткердің (ұжымдық жұмыстары үшін) шығармашылық үлесі көрсетілген ғылыми қызметіне қысқаша сипаттама;

6) жұмысты ұсынушы ұйымнан конкурсқа ұсынылған жұмыстың (жұмыстар сериясы) бұрын республикалық бюджет қаражатынан төленетін сыйлықтарға ие болмағанын куәландыратын анықтама;

7) енгізу актісінің көшірмесі (болған жағдайда);

8) карталық базада қолданыстағы жиырма сандық ағымдағы шоты туралы хабарлама.

8. Мемлекеттік ғылыми стипендиялар үшін талап етілетін құжаттар:

1) ұйымның консультативтік-кеңесші органының уәжді қолдаухаты (ұсынымы);

2) мемлекеттік ғылыми стипендияны алуға үміткердің жұмыс орнынан анықтама;

3) мемлекеттік ғылыми стипендияны алуға үміткердің соңғы бес жылда ғылыми жарияланымдарының тізімі, сондай-ақ олардың ең маңызды жұмыстарының баспа-таңбалары (бестен аспайтын);

4) енгізу актісінің көшірмесі (болған жағдайда);

5) карталық базада қолданыстағы жиырма сандық ағымдағы шоты туралы хабарлама.

9. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ арқылы өтінішке қол қойылғаннан кейін, өтініш көрсетілетін қызметті берушінің АЖО-ға қарауға жіберіледі.

10. Көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті одан әрі қарауы Мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Ғылым саласындағы сыйлықтарды, мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға ұсынылған жұмыстарды қабылдауға арналған өтінішті қараудың оң нәтижесі болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші ҰИЖБТ-де құжаттарды қабылдау туралы хабарламаны қалыптастырады.

12. Ғылым саласындағы сыйлықтарды, мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға ұсынылған жұмыстарды қабылдауға арналған өтінішті қараудың теріс нәтижесі болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші ҰИЖБТ арқылы Мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында белгіленген бас тарту негіздерін көрсете отырып, "Дәлелді бас тартуды" жібереді.

"Ұлттық инновациялық жүйенің
бірыңғай терезесі" ақпараттық
жүйесі арқылы "Ғылым
саласындағы сыйлықтарды,
мемлекеттік ғылыми
стипендияларды алуға
ұсынылған жұмыстарды
қабылдау" мемлекеттік қызметін
көрсету жөніндегі пилоттық
жобаны іске асыру алгоритміне
қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы "Қазақстан Республикасының
Ұлттық ғылым академиясы" коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты,
әкесінің аты (болған жағдайда)

Көрсетілетін қызметті алушының ЖСН

Көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы

Көрсетілетін қызметті алушының телефон нөмірі

Өтініш

Мен, _____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), ғылым саласындағы сыйлықты/мемлекеттік ғылыми стипендияны алуға жөніндегі конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттар топтамасын қабылдауды сұраймын.

Өтініштің берілген күні:

(қолы)

Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, менің дербес деректерімді жинауға, өңдеуге, сондай-ақ оларды "Ұлттық инновациялық жүйенің бірыңғай терезесі" ақпараттық жүйесі (astanahub.com) арқылы "Ғылым саласындағы сыйлықтарды, мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға ұсынылған жұмыстарды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету жөніндегі пилоттық жоба шеңберінде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (БСН 230440024058) беруге келісім беремін.

Дербес деректерді трансшекаралық берудің жоқтығы, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде таратудың жоқтығы туралы хабарлаймын.

Жиналатын деректердің тізбесі: ТАӘ, ЖСН, банктік деректемелер, электрондық пошта, телефон нөмірі, білімі, академиялық немесе ғылыми дәрежесі туралы мәліметтер.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, дұрыс емес мәліметтер және жалған құжаттарды ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

(қолы)